

Мұнай-газ химиясы

Полипропилен өндірісі (KPI)

«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС (KPI) — 2022 жылы Атырау облысында пайдалануға берілген Қазақстандағы алғашқы және жалғыз интеграцияланған газ-химия кешенінің операторы. Жоба саланың жетекші ірі компанияларымен ынтымақтастықта жүзеге асырылуда (ҚМГ — 49,5 %, «СИБУР Холдинг» ЖАҚ — 40 %, «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС — 9,5 %, «Алмэкс Плюс» фирмасы» ЖШС — 1 %).

2025 жылғы өндірістік көрсеткіштер

Есепті жылы зауыттың операциялық көрсеткіштері айтарлықтай өсім көрсетті.

- Өндіріс көлемі: 377 мың тонна полипропилен шығарылды.
- Өнім түрлерін кеңейту: 15 маркалы өнімнің өндірісі игерілді, олардың бесеуі — жаңа марка, бұрын-соңды кәсіпорында шығарылмаған.

- Импортты алмастыру: зауыт ішкі нарықтың қажеттіліктерін толығымен жапты, отандық қайта өңдеуші компанияларға 39 мың тонна өнім жеткізілді (нарықтың жалпы көлемі – 58,3 мың тонна).

Экспорттық жеткізілімдер

2025 жылы экспортқа 326 мың тонна жөнелтілді, негізгі өткізу нарықтары – Еуропа, Түркия, Қытай және Ресей. Өнімдер омолоғациядан сәтті өтті, яғни қауіпсіздік пен сапаның барлық қажетті стандарттарына сәйкестігін растады, сондай-ақ халықаралық өңдеушілердің сұранысына ие.

Халықаралық тасымалдаушылармен серіктестік

Қытайға, Түркияға және Еуропаға экспорттық маршруттар ұйымдастырылды, бұл жеткізу тізбегінің тұрақтылығын арттырды.

Елдер бойынша полипропиленді жеткізу, тонна

Бағыт	2023	2024	2025
Қазақстан	9 516	22 887	38 810
Қытай	95 598	89 001	82 014
Еуропа	33 297	29 413	110 809
Түркия	11 524	63 756	74 630
Ресей	25 409	44 237	55 335
Барлығы	175 344	249 294	361 598

Ішкі нарыққа ықпалы

2022 жылы KPI зауыты іске қосылып, өнімдері сатыла бастағаннан кейін Қазақстан нарығындағы жергілікті полипропиленнің үлесі 67 % дейін өсті, ал полипропиленнің импорты айтарлықтай төмендеді (8 % дейін).

«Форсаж» бағдарламасы

Бағдарлама аясында қайта өңдеушілерді ынталандыру үшін арнайы коммерциялық жағдайлар жасалды:

- импортты алмастыратын форсаж — импортты алмастыру үшін өнімді қолдау;
- экспорттық форсаж — шетел нарықтарында бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету;

- салалық форсаж — құндылығы бар ұсыныстың дәстүрлі ұсыныспен салыстырғандағы артықшылығы;
- инвестициялық форсаж — инвестициялардың және кредиттік мөлшерлемелерді қолдаудың өтемақысы.

Бағалар динамикасы

2025 жылы Қазақстандағы полипропиленнің орташа бағасы (ҚҚС-ты қоса алғанда) алдыңғы жылмен салыстырғанда 10,5 % өсіп, тоннасына 559,6 мың теңгені құрады (2024 жылы — 506,6 мың теңге). Бағаның өсуіне инфляция факторлары мен нарықта сұраныстың артуы ықпал етті.

Логистика және қойма инфрақұрылымы

Логистиканы оңтайландыру:

- зауыт FCA¹ жағдайларында жеткізілімдерді қамтамасыз етті (KPI-дің Атырау, Алматы және Астанадағы қоймалары);
- Алматы мен Астана қалаларында қоймалар ашылды, бұл:

- Қазақстанның оңтүстік аймақтарында сату көлемдерін ұлғайтуға (желтоқсан айындағы өсім — 979 тонна),
- Қазақстанның солтүстік өңірлерінде сату көлемдерін ұлғайтуға (желтоқсан айындағы өсім — 264 тонна),
- теміржол инфрақұрылымы жоқ қайта өңдеуші компаниялардың логистикалық шығындарын төмендетуге мүмкіндік берді.

2025 жылы Алматы мен Астанадағы қоймаларға жеткізілген өнім көлемі, сәйкесінше, 6,5 мың тоннаны және 1,4 мың тоннаны құрады.

Сервистік жобалар

ҚМГ инфрақұрылымды жаңғыртуға және операциялық тиімділікті арттыруға бағытталған мұнай сервисі блогын дамыту жөніндегі кешенді бағдарламаны іске асыруда. Бағдарламаның стратегиялық басымдықтары – компания өз қызметін жүргізетін өңірлерді сумен сенімді жабдықтау, сервистік активтердің залалсыз деңгейіне қол жеткізу, сондай-ақ арнайы техника паркін және өндірістік базаларды жаңарту.

Сервистік кәсіпорындардың инфрақұрылымына жөндеу базалары, логистикалық орталықтар және көлік парктері кіреді. 2025 жылы процестерді автоматтандыруға және халықаралық сапа стандарттарын (API Spec Q2) енгізуге баса аударылды.

Мұнай сервисі активтерінің тиімділігін арттыру

Компания бөлек есепке алу және автоматтандыру жүйесін енгізу арқылы сервистік кәсіпорындарды залалсыздық деңгейіне шығару бағдарламасын іске асырып келеді.

- «Мұнайтелеком» ЖШС American Petroleum Institute тарапынан қорытынды аудит жүргізді және 2026 жылы API Q2 сертификатын алуды жоспарлап отыр (мұнай сервисі бөлімшелері арасында екінші сертификат). 2026 жылға басқа активтерді сертификаттау жұмысы жоспарланған.

Автокөліктер мен техниканы жаңарту

2024-2026 жылдарға арналған арнайы техниканы жаңарту бағдарламасын іске асыру жалғасуда. Қаламқас және Жетібай кен орындары үшін («Маңғыстаумұнайгаз» АҚ) 408 бірлік көлік құралын жаңарту қарастырылған.

ҚМГ ЕТҰ-ның автопаркін жаңарту, бірл.

Компанияның атауы, 100 % ҚМГ үлесі	2025	2026
	Нақты	Жоспар
ОТК («Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС)	105	96
ОСК («Oil Services Company» ЖШС)	2	25
ӨМС («ӨзенМұнайСервис» ЖШС)	0	5

Өндірістік инфрақұрылымды дамыту

- «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС: Жетібай кен орнында жаңа өндірістік база салуға келісім-шарттар жасасты, мердігер компаниясының техникасын жұмылдыру жүргізілуде.
- «ӨзенМұнайСервис» ЖШС: өндірістік базаның құрылысы аяқталды, нысанды пайдалануға қабылдау актісіне 2025 жылғы 3 желтоқсанда қол қойылды.

¹ FCA шарттары бойынша өнімді жеткізу – сатушының тапсыру құжаттарын ресімдеу бойынша барлық қажетті талаптарды орындайтынын және тауарды сатып алушы тағайындаған жүк тасымалдаушыға немесе келісімшартта келісілген жерде және уақытта сенімді тұлғаға беретінін білдіреді.